

Ұлттық құндылықтардың телесұхбат аясында насихатталуы

Телевизияның тікелей эфирінде жұмыс істеген журналист дайындығының күштілігіне қарамастан, оның тікелей эфир аясындағы әрбір процесс кезіндегі күллі іс - әрекетті, ауыздан шығатын әрбір сөзді өлшеп – кесіп, алдын – ала анықтап алу мүлде мүмкін емес. Сөйленетін сөз де, қимыл – ишарат та қолма – қол сол сәтте жүзеге асып жатады. Сондықтан да тікелей эфир жүргізетін тележурналистке мынадай талаптар қойылады:

1. **Дәлдік.** Әрбір фактіні, датаны, адамдардың аты жөнін, қызметтер атауын міндетті түрде тексеріп, анық – қанығына көз жеткізу керек. Мұндай дәлдіктің сақталмауы кәсіби деңгейдің нөлге тең екенін көрсетеді.
2. **Ізеттілік.** Мазмұнның қысқалығы, әрі түсініктілігі көрерменнің күрделі ақпаратты қабылдауына шек келтірмеуі керек. Сондықтан да кез – келген ақпаратты ұсынғанда аудиторияға құрметпен тіл кату – кәсіби парыз.
3. **Сезімталдық.** Тікелей эфирдегі қандай да бір жағдайлар болмасын көрермендермен арадағы тепе – теңдікті сақтау қажет.
4. **Мәнерлілік.** Дұрыс қойылған дауыс ырғағының сақталуын, артық демнің, қажетсіз дыбыстың естілмеуін қамтамасыз ету.
5. **Батылдық.** Сыни пікір айтқанда жауап беруге құқылы адамдарды мейлінше анық көрсетіп, аты – жөндерін анық айту және сол мәселеге қатысты барлық көзқарасты толығымен қамту – шарт.
6. **Түзете білушілік.** Егер тікелей эфир кезінде қате жіберілсе, ізінше кешірім сұрау керек.
7. **Айтылудағы анықтық.** Тележүргізушілер әсіресе, шетел сөздерін айтқанда қиналуы мүмкін. Сондықтан да оның қалай айтылатынын біліп алуға міндетті.

